

Н. Б. Мансұров

ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан (e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz)

Діни терминдердің қажеттілігі

Аңдатпа

Мақалада тілімізде қолданылатын діни терминдердің мағыналық сыр-сипаты қалыптасқан материалдар бойынша қарастырылған. Негізге алынған тілдік талдаулар сөздіктер мен ауызекі сөйлеудегі мағыналық ұғымдар бойынша сараланған. Талдау барысында кірме сөздердің термин ретінде орнығып, мағыналық тұрғыда қолданылуы және тілімізде орын алған ұғымы мен атқаратын қызметтері қарастырылады. Автор қоғамның сан қилы өмір саласында болып өткен түрлі құбылыстардың тілге, оның ішінде сөздік қорға тигізетін әсерін сөз етеді. Онда кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени және рухани болмысы негізінде өзінің сөздік қорының элементтерінде өзге тілдермен болған ауыс-түйістің орын алғандығын келтіреді. Сондай-ақ мақалада тілдің кірме сөздер арқылы кемелденіп, оның қолданылу аясы кеңіп, сөздік қоры байып отыратыны да ерекше атап өтіледі. Бұл өз кезегінде өзге тілден енген сөздердің тілден алатын орнын, қолданылу саласын, мағыналық өзгерістерге ұшырау жолдарын, сонымен қатар кірме сөздердің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тұрғыда түрленіп, сыртқы формасын өзгертіп жіберетінін де көрсетеді. Өйткені қандай сөз болмасын ол өзге тілге енген кезде мағыналық тұрғыда өзгеріске түсіп, сол тілде қолданушылардың қабылдау ерекшеліктері негізінде айналымға енетіні көрініс табады.

Кілт сөздер: кірме сөз, діни терминдер, терминдік мағына, сөздік қор

N.B. Mansurov

Candidate of Philology, Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan (e-mail: nurlan.mansurov@ayu.edu.kz)

Requirement in Religious Terms

Abstract

The article discusses the semantic nuances of religious terms functioning in the language. The linguistic analysis taken as a basis is made on the example of lexical concepts selected from dictionaries and spoken language. During the analysis, the features of the functioning of borrowed words in the role of terms, their role and functions in the language are revealed. The author concludes that any borrowed word changes its meaning in the process of borrowing and is used due to the peculiarities of perception of native speakers of that language.

It also emphasizes that the language is rich in vocabulary, the scope of its use and its vocabulary is rich. This, in turn, illustrates the linguistic location of the words that come

from other languages, the sphere of application, the way to meaningful changes, as well as lexical, grammatical, and phonetic changes in the word, and changes its outward form. Whatever it is, it is reflected in the fact that when it comes to a different language, it is transformed into a meaningful way and is based on the peculiarities of users' perceptions in that language.

Key words: word access, religious terms, value of term, dictionary fund

Адамзат баласының негізгі қатынас құралы – тіл, ол бүгінгі күнге дейін талай тарихи кезеңдерді басынан өткерді. Кез келген халықтың белгілі бір тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қалыптасуы оның тілінен көрініс табады. Ал олардың өзге елдермен қарым-қатынасы сол тілдегі сөздердің өзара алмасуына алып келеді. Тіпті әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің ұқсастығы, біріне бірінің жақындығы да көрші отырған халықтың өзара тығыз байланысынан келіп туындайды.

Қоғамның сан қилы өмір саласында болып өткен түрлі құбылыстардың барлығы да тілдің сөздік қорына өзіндік әсерін тигізеді. Сондықтан кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени және рухани болмысы сол тілдің сөздік қорының элементтерінде өзге тілдермен болған ауыс-түйісін алға тартады. Мұндай өзгерістерді қарастыру әрі оларды талдап-саралау, мағыналарын ашып көрсету қай кезде де маңызды.

Қазақ тілі өзінің сан ғасырлық тарихи даму барысында бірнеше тарихи кезеңдерден өтіп, онда тілдің сан түрлі кедергілеріне тап болғанын көруге болады. Қоғамда орын алған оқиғалар тілдің басқа салаларын былай қойғанда лексика саласына қаншалықты әсері болғанын тіл мамандары талайдан бері сөз етіп келеді. Сол себепті тілімізге өзге тілдердің тигізген әсерін сөз еткенде алғаш осы тарихи кезеңдерге (факторларға) назар аударамыз.

Тіліміздің мұндай кезеңдердегі ерекшеліктері қазіргі қазақ тілінің сөздік қорынан орын алған көптеген кірме сөздердің әлеуетін көрсетеді. Олар: орыс, грек, латын, араб, иран, монғол, т.б. тілдердің элементтері. Бұл элементтердің тілімізден орын алуы түрлі тарихи кезеңдерге байланысты. Бірі көршілік қарым-қатынас негізінде ертеректе орын алса, бірі жаугершіліктің салдарынан, ал енді бірі мәдени байланыстардың жемісі ретінде, яғни жазба деректер арқылы ауысқандығын білдіреді.

Тілдің мұндай кірме сөздер арқылы кемелденіп, оның қолдану аясы кеңіп, сөздік қоры байып отыратынын да ерекше атау керек. Бұл

өз кезегінде өзге тілден енген сөздердің тілден алатын орнын, қолданылу саласын, мағыналық өзгерістерге ұшырау жолдарын, сонымен қатар кірме сөздердің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тұрғыда түрленіп, сыртқы формасын өзгертіп жіберетінін де көрсетеді. Аталған мәселелерді жан-жақты талдап, зерттеп, анықтау тіл мамандары үшін де, жалпы халық үшін де қажет.

Тіл тарихын зерттеу, ізденістер жүргізудің рөлі қызықты әрі қиын мәселелердің бірі. Айталық, сөздік қорымыздан орын алған араб, иран діни терминдерінің қолданысы соңғы жылдары айрықша назар аудартады. Өйткені қазақ тілінің сөздік құрамында сонау ерте кезден сіңісіп кеткен діни сөздер өте көп. Қазіргі таңда тілімізде сирек қолданылатын, бірақ халық ауыз әдебиетінен, қала берді бұрынғы қисса-дастандардан жалпы халыққа жақсы түсінікті болмаған сөздерді саралап, талдап, қолданыстағы мағынасын нақтылау бүгінгі күннің талабы. Басқасын былай қойғанда, еліміз егемендік алған тұста дінімен қайта қауышқан кезден бастап-ақ осы іспетті сөздердің тілімізден көптеп орын алуы оларды жете танып білу қажеттігін ұсынады.

Бүгінде еліміз егемендігін алған тұста тілімен қоса көнеден бірге жасасып келетін дінімен де қайта қауышты. Біршама уақыт қол үзген халық ислам дінімен етене жақындасты. Ол заңды да. Сан ғасыр бойы бірге жасасып келген дін атаулыны кешегі кеңестік құрылым жікке бөлген-ді. Ал тәуелсіздік серпіні үзілгенді жалғап, ажырағанды қосты. Нәтижесінде мұндай сабақтастық тілімізге көптеген сөздердің, оның ішінде діни сөздердің қайта айналымға енуіне еркін жол ашты. Алайда мұндай сөздердің түп төркініндегі құрылымы, яғни арабша, иранша, оған қоса бүгінде қазақшаланған үлгілері қатар қолданылуына жол берілді.

Міне осы жайттарды жалпы оқырманға дұрыс түсіндіру мақсатында жүйелі әрі кеңірек мәліметтер беру үшін бірнеше кірме сөздердің мағыналары жайлы ізденістерді ұсынғанды жөн санадық. Ұсынылған сөздер бүгінде дін саласында кеңінен қолданылып жүрген әрі көпшілікке түсінікті бола қоймаған сөздер қатарын құрайды. Негізінен қазіргі таңда ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілде жиі қолданылып жүрген сөздер. Олардың қай тілден енгендігі, яғни сол тілдегі (арабша, иранша) нұсқасы да қоса берілген. Әр діни сөздің түпнұсқасындағы мағыналарына барынша қысқаша түсінік беріліп, тіліміздің қолданысындағы негізгі және ауыспалы мағыналары ұсынылған. Кейбірі мысалдармен нақтыланған. Мақсатымыз – мұндай сөздерді бір ретке келтіріп, оқырман қауымның назарын мағыналық

қолданыстарына аудартып, бір жүйеге келтіру жолдарын ұсыну.

Ұсынылған ізденістеріміз қазақ тіл білімінің алдында тұрған діни терминдердің қолданысы жайлы келелі бір мәселені толығымен шешіп тастамаса да, олар жайлы зерттеулерге жан-жақты талдау жасап, саралап, қарастыруда өзіндік ықпал жасайды деп білеміз.

Расында, соңғы жылдары діни терминдер жайы жиі сөз етіліп, түрлі деңгейдегі сөздіктер жарияланса да оларды бір ізге түсіру, мағыналық қолданысын жалпы халыққа айтып жеткізуде олқылықтар жеткілікті деуге болады. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері Н.Қ. Шүленбаев «Дінтану терминдерінің мағынасын дұрыс түсінбеу кей жағдайда адамдардың санасында дін туралы жағымсыз түсініктердің пайда болуына әсер етеді. Өйткені атау мәнін түсінбеген жалпы халық белгілі бір терминнің бұрмаланып түсіндірілген мағынасын шындап қабылдап, сеніп қалады» деп келтіреді [1].

Шындығында, дін атаулымен қайта қауышқан тұстан бермен қарай діни терминдердің біршамасы мағыналық тұрғыда біржақты қабылданып, теріс ұғымда пайдаланылып, тіпті айтуға да болмайтындай дәрежеге жеткендігі жасырын емес. Шығыс тілдері сөздерінің көп мағыналылығын танып білмегендіктен ондағы сөздердің өзімізге жат болған бір ғана ұғымын алып, ал негізгі жағымды сипаттарын көрмей-білмей келгеніміз де дін Исламға кері әсерін тигізіп, жат пиғылдарды тудырып келді. Мұның барлығы сол сөз мағынасын дұрыс ұғынбаудан туындаған. Онымен қоймай, өзгелерді де солай сендіргіміз келеді. Қасиетті Құран Кәрімнен орын алған мұндай сөздердің барлығы бір ғана мағынада қолданылып, соның негізінде топтастырылмаған. Онда көп ретте Жаратушыны тану, адамгершілік қағидасын сақтау, жаман қасиеттерден тыйылу, өзгенің мүлкіне қол сұқпау, кедей-кепшікке көмектесу, шарифат амалдарына бойұсыну, т.т. сипатында қолданылады.

Бүгінде тілдік ұғымда жат саналып жүрген терроризм, экстремизм, салафизм, ваххабизм, т.б. сияқты түрлі -измдерден құралған терминдер біржақты, яғни теріс ұғымда сипатталады. Осы негізде кей кірме сөздердің де мағыналары жағымсыз ұғымда қолданылып, тілдік айналымнан шет қалуда. Мүмкін ол сөздер сыртқы құрылымынан-ақ өзге тілден енгендігін танытатын болар. Десе де, кейбірінің көп мағыналы екендігі ескеріле бермесе керек-ті. Мұны А.А.Реформатский былай деген: «Слова в языке, как уже было сказано выше, большей частью многозначны, но в речи люди достигают

однозначного понимания. Это получается потому, что люди в речевом общении имеют дело не с изолированными словами, как в словаре, а с целым, где слова выступают в связи с другими словами и обстановкой речи» [2, 60-б.].

Жалпы тілімізде сөздердің мағыналары жайлы алғаш сөз еткен Р. Барлыбаев. Ол сөздердің қолданыстағы мағыналарының тарылуы мен кеңеюі жайын қарастырған [3].

Ал кірме сөздер бойынша, оның ішінде шығыс араб, иран сөздерінің қазіргі қазақ әдебиеті мен ауызекі тілінде қолданылып жүргендігіне белгілі ғалым, шығыстанушы Л.З. Рустемов түрлі бағытта талдау жасап, олардың семантикалық сипатын саралап, өзгерістерін қарастырады. Мұндай сөздердің мағыналық жағынан өзгеріске ұшырауындағы ерекшеліктерді саралай келе сөздердің бір тілден екінші тілге ауысу кезінде орын алатын мағыналық өзгерістерді де атап көрсетеді [4].

Жалпы, сөздердің мәні мен мазмұны жайлы терең зерттеу жұмысын жүргізген тілші-ғалым Р. Сыздықованың еңбегі орасан. Ол сөздердің мәні мен мазмұнын ашып, олардың жазба нұсқалардағы қолданыстарына сипаттама беріп әрі сөздердің ескерткіштер мен жеке ақын-жыраулар тіліндегі мағыналарына талдау жасап, семантикалық өзгерістерін атайды [5].

Міне осындай мәселелерді негізге алып, тілімізге бір кездері орнығып, кейіннен қолданыстан қол үзіп қалған біршама сөздерді сараладық. Оларды бір ізге келтіру, реттеу, төл тілдегі ұғымын таныту тұрғысында жүйелі қарастырдық. Аталған мәселе бүгінде тіл үшін де, дін үшін де қажет деп білеміз. Бұл жөнінде белгілі ғалым, тіл маманы Ө.Айтбайұлы: «Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет» [6, 16-б.], - дейді.

Діни сөздердің тілімізде қажеттілігі мен қолданысына да ерекше назар аудару керек. Онда сөздің бір ғана мағынасын негізге алмай, тілдік әрі терминдік мағынасындағы сипатын ескере келе, өзге тілден енген, әсіресе, шығыс тілдерінен кіріккен сөздердің көп ретте жағымды мәнін түсіну керектігін ұғыну да артық болмас.

Асхаб. Сөздің түбірі араб тіліндегі اصحاب (*асхаб*). *ар.* 1. Жолдас. 2. Дос, тамыр-таныс. Асхаб сөзі араб тіліндегі صاحب (*сахибун*) сөзінің

көпше түрі. Негізгі мағынасы *жол көрсетуші, серік, дос, жолдас* ұғымын береді [7, 418-б.].

Сөздің тілдік қолданыстағы терминдік мағынасы – Мұхаммедтің (с.а.у.) жақтаушы достары. Сондықтан асхаб сөзі Пайғамбарымыз (с.а.у.) жанында жүрген, жорықтарда бірге болған, қиындықтарда қасынан табылған адамдарға қарай айтылған. Олар ұлы бастаманы қолдаушылар ретінде саналған соң діни қызметтер мен лауазымдарға да ие болған. Мәртебелері биік, алар жалақылары да жоғары болды. Бір сөзбен айтқанда, дін Исламның таралуына ерекше үлес қосқан асхабтар жайы тарихта өзіндік із қалдырған.

Ал бүгінде бұл сөз, негізінен, дін қызметкерлерінің тілдік қолданысынан кең орын алған. Оның солай болуы да орынды. Өйткені асхабтардың ерліктері, атқарған қызметтері, дінге жасаған амалдары, тіпті тақуалықтары мен әулиеліктері жайлы жазылған еңбектер уағыз-насихат ретінде айтылады.

Ахи. Сөздің негізі араб тілінде *أخي (axi). ар.* Аға, дос [7, 16-б.]. Бүгінде көпшіліктің ауызекі сөйлеуіндегі ахи сөзінің мағынасы «дос», «бауыр» ұғымында қолданылады. Әрине, сөздің төл тілдегі айтылуы қиындық тудырмаған соң тіліміздегі дыбысталуы да қолайлы. Алайда қазақ тілінің дыбыстық құрамынан ерекшеленетін сөздің естілуі қашанда жат тілдік екені аңғарылады. Сол себепті ахи сөзі айтылғанда оның кірме сөз екендігі тез танылады. Ал мағыналық қолданысы көп ретте бауыр, яғни аға, туысқан, жігіт, т.б. ұғымында кеңірек сипатталады. Мұның негізі бүгінде мұсылман қауымының арасында бір-біріне осылай тілдесуінің көрінісі.

Бидғат. Сөздің түбірі араб тіліндегі *بدعة (бид'эт).* ар. Жаңаша, жаңашыл. Дінде көрсетілмеген жаңа дәстүрлер мен нәрселер, яғни дінге соңынан қосылған әдеттер. Шариғат иесінің (Алла немесе оның елшісінің) рұқсатынсыз Ислам дінінің кез келген бір құндылығын алып тастау не болмаса дінге жат нәрселерді оған киліктіру, қосу.

Фибрат. *عبرة ('ибрэт).* ар. зат. Өнеге, үлгі, нақыл сөз, сабақ. ар. зат. Үлгі-өнегелік, тәлім-тәрбиелік мәні бар нақыл сөз.

Фибрат алар артыңа із қалдырсаң,

Шын бақыт - осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің! (Шәкәрім. Адамдық борышың)

Жүніп. *جنب (жунуб)* 1. діни. Арамдау. 2. Бөтен, жат. ар. Адам баласының бойынан мәнидің шығуы. Жүніп – ерлі-зайыптылардың арасындағы жақындық қарым-қатынас негізінде орын алады. Бұл күйге түскен адамдарға діннің ғибадаттарын орындауға тыйым жасалған.

Айталық, намаз оқу (бес уақыт, жұма, айт, нәпіл, жаназа намаздары), қағбаны тәуеп ету, құран ұстау және оны жатқа оқу.

Алайда күнделікті дағды ретінде қалыптасқан дұғаларды мысалы, тамақтану мен өзге бастамалар алдында «бисмилланы» айту, т.б. оқуға болады. Сондай-ақ шарифатта жүніп бола тұра Алланы еске алу, оған жалбарыну күнәға саналмайды. Бұл ретте Айша анамыздың (р.а.) Мұслим арқылы жеткізілген мына хадисін келтіруге болады: «Пайғамбарымыз (с.а.у.) кез келген күйде Алланы есіне алатын».

Қарасаңыз жүніп күйдегі адамға асыл дініміз ең абзал ғибадаттарды орындауға тыйым салады. Демек, мұсылман баласы кез келген бастамасын, қажетті шаруасын оң болсын деген ниетпен тазару арқылы, яғни жүніп болған кезде ғұсыл алу сияқты амалдарды орындауы қажет. Ал бүгінде тілдік қолданыста жүніп сөзі көп ретте дін өкілдерінің шарифат амалдарын орындау жолдарын сөз еткен кезде жиі кездеседі.

Ижма. إجماع (*ижма*) *ар.* Бір ауыздан қабылданған шешім, бір пікірлік. *діни.* Белгілі бір шарифат үкіміне байланысты дін ғұламаларының бірлесіп айтқан ортақ пікірі, шешімі.

Истиғфар. إستغفار (*истиғфар*). *ар.* Кешірім. *ар.* Кешірім. Күнә мен қателіктердің Алла тарапынан кешірілуі. Сөздің қолданысы Алладан кешірім сұрау ұғымында. Адамзат баласы жарық дүниеде қатекемшіліктерді жасап қояды. Оны кейде біліп, кейде білмей де жасап қалады. Тіпті оқыста ойламаған жерден күнәлі болуы мүмкін. Ең қиыны кейде сол жасайтын амалымыздың күнә екенін біле тұра, соған баратынымыз. Алла сақтасын шынайылықты сақтау, әділетті болу, сөзбен шамына тию, т.т. пендешілікте орын алады. Алайда адамзат баласы жасаған күнәсі үшін өкініп, әрдайым кешірім тілеп, тәубе ететіндігімен жарасымды.

Сол себепті иман тазалығы – Жаратушының тыйым салғандарынан тыйылып, жақсылық жасауға ұмтылу. Ол үшін қашанда Аллаға деген сенімділікті жоғалтпай, истиғфар жасау, яғни кешірім сұрау қажет. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «...Алладан жарылқау тілеңдер. Шын мәнінде, Алла жарылқаушы, ерекше мейірімді» деп келеді («Музәммил» сүресі, 20-аят).

Алладан кешірім сұраудың абзал жолы истиғфар дұғасын айту. Өйткені Алла Тағала пендесінен ешқашан бетбұрмайды. Ол кешіруші әрі кешіруді жақсы көреді. Сондықтан сөздің кешірім сұрау ұғымындағы қолданысы бүгінде қазақ тіліндегі баламасына қоса араб

тіліндегі истиғфар үлгісінде тілдік айналымда орны-орнымен қолданылып келеді.

Ифтар. إفطار (ифтар). *ар.* 1. Тұтқан ораны ашу. 2. Таңғы ас. Діни мазмұндағы ұғымы – ислам дініндегі күндізгі ораның бітіп, күн батқаннан кейінгі ауызды ашу.

Қасиетті хадистердің бірінде «Рамазан айында кімде-кім бір кісіге ауызашар берсе, оған сират көпірінен өту оңайлатылады» деп келеді. Расында, бүгінде ас беру оңай болмағанымен сауапты іс. Өйткені ас берген жан ораза тұтқан адамның сауабындай сауап алады. Тағы бір хадисте: «Амалдардың абзалы бір мұсылманның айыбын жасыру, қарынын тойғызу, кем-кетігіне көмектесу арқылы оны қуанту» деген.

Бұл жайлы хадистер біршама. Десе де, сөздің ифтар үлгісіндегі қолданысы төл тілдегі қалыбын сақтап қолдануды сипаттайды. Сөздің ұғымы өзге тілдегі нұсқасы болса да, жалпы халық мұны бүгінде түсінуге қол жеткізген. Сондықтан сөздің осы үлгісі тіліміздегі ауызашар сөзімен қатарласа қолданылғанымен жалпы халық көп ретте қазақша нұсқасын пайдаланатынын атаған жөн. Ал ифтар сөзі дін өкілдері арасында көбірек қолданысқа ие.

Ихрам. إحرام (ихрам) *ар. діни.* Мұсылмандық бес парыздың бірі – қажылық сапарда қасиетті жерге келген кезде киілетін арнайы киім. Ихрам – киім. Қасиетті жерге аяқ басқанда киетін екі бөліктен құралған ақ мата. Бірі иық пен мойынды ораса, екіншісімен төменгі жағын жабынады.

Ихрам – қажылықты өтеу үшін киілетін киім. Оның түсі ақ. Бірақ оны кигенде ішінен дене көрінбейтін және ешқандай тігіс түспеген, яғни, тігілмеген болуы шарт. Әрбір ниет еткен мұсылман баласы бұл сәтте бақилыққа аттанар кезде шыны киім киетін кейіпке келіп, тәлбия дұғасын оқиды: «Сенің алдыңдамын. Ия, Алла сенің алдыңдамын (бұйрығыңды орындаудамын). Сенде ешқандай серік жоқ. Сенің алдыңдамын. Барлық мақтау, нығметтер және патшалық саған тән. Сенде ешқандай серік жоқ». Тәлбия дұғасынан кейін салауаттар айтылып, тілектер тілеу орынды.

Ихрам киген кісінің де өзіне лайықты жауапкершілігі, яғни уәжіптері бар. Бірінші, ихрамға белгіленген миқтардың бірінде кию. Екінші, тыйылған нәрселерді жасамау.

Қасиетті Қағбаның аумағында киелі мекендер «Харам», «Хил» және «Әфақ» орналасқан. Қажылық және умра ғибадаттарын орындаушылар аты аталған аумақтарға қарай ихрам киеді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Ешкім миқаттан ихрамсыз өтпесін», деген. Қажылық және умра ғибадаттары үшін миқаттан ихрамсыз өтіп кетсе, ондай жағдайда, құрбан шалады немесе қайтып, миқатта ихрамды киеді.

Ихрам киген адамға тыйым салынатын нәрселер бар. Ол шаш, сақал, мұрт, т.б. қысқарту, алу, бояу, т.с.с. Оған қоса тігілген киімдерді киюге тыйым салынады.

Ихсан. احسان (ихсан). *ар.* 1. Жарылқау, шапағат. 2. Қайырымдылық. Ихсан – Алла Тағаланы көріп тұрғандай Оған құлшылық қылу, ал терминдік мағынасы – қайырымдылық жасау. Тілімізде осы қайырымдылық жасау мағынасы кең қолданыс тапқан. Ол көп ретте қайырымдылық жасау, яғни қол ұшын беру, киім-кешек, тағамдар тарату, соңғы кезде ақшалай үлгісі де орын алып келеді. Сол себепті ихсан сөзі – қайырымдылық шараларында тілдік қолданыста кеңірек көрініс табады.

Түйіндей келгенде, тілдің басқа салалары сияқты діни терминдерді нақты түсініп, оларға талдау жасау – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Өйткені аталған сөздерді дұрыс қолданып, олардың мәнін нақты түсінгенде ғана жалпы халық ол сөздерден жасқанбайтын болады. Сонымен бірге дініміз Исламға қарата айтылып жүрген кереғар пікірлер де туындамайды.

Міне, осындай ізденістер мен тілдік зерттеулер тек қана діни терминдер саналатын сөздердің орынды қолданылып, айналымға енуіне себепкер ғана болып қоймай, дінді дұрыс тануға, оның шарттары мен амалдарын орындауға деген көзқарастарды да дұрыстаған болады. Тіпті дінге деген күмәндарынан арылып, жат-жұрттық ағымдардың жетегінде кетуге де тосқауыл болады деп білеміз. Расында, Ислам діні – жамандық атаулыдан тыйылып, жақсылыққа үндейтін дін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шүленбаев Н.Қ. Дінтану терминдері мен атауларын дұрыс саралап жүрміз бе? <https://termincom.kz>
2. Реформатский А. А. Введение в языковедение/Под ред. В.А. Виноградова. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 536 с.
3. Барлыбаев Р. Расширение и сужение значений слов в казакском языке. Автор.дисс.кан.фил.наук. Алма-Ата, 1963. -с.16.
4. Рустемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
5. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 191 бет.

6. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
7. Арабско-русский словарь. Т. I. Ташкент: «Камалак», 1994. – 456 с.

REFERENCES

1. Shulenbaev N. K. Dintanu terimderi men ataulary`n dury`s saralap zhurmiz be? <https://termincom.kz>
2. Reformatskiy A. A. Vvedenie v yazy`kovedenie/Pod red. V.A. Vinogradova. – М.: Aspekt Press, 1996.- 536 s.
3. Barly`baev R. Rasshirenie i suzhenie znachenij slov v kazakskom yazy`ke. Avtor.diss.kan.fil.nauk. Alma-Ata, 1963. -s.16.
4. Rustemov L.Z. Qazirgi qazaq tilindegi arab-parsy` sózderi. Almaty: Gy`ly`m, 1982.- 160 b.
5. Sy`zdy`kova R. Sozder sojleidi. – Almaty` : Sanat, 1994. – 191 bet.
6. Aitbaiulu` O. Qazaq sozi (Qazaq terminologiyasy`ny`n negizderi). – Almaty` : Rauan, 1997. – 240 b.
7. Arabsko-ruskij slovar`. T. I. Tashkent: «Kamalak», 1994. – 456 s.

Аннотация

В статье рассматриваются смысловые оттенки религиозных терминов, функционирующие в языке. Взятый за основу лингвистический анализ выполнен на примере лексических понятий, выбранных из словарей и разговорного языка. В процессе анализа выявлены особенности функционирования заимствованных слов в роли терминов, их роль и функции в языке. Автор приходит к выводу, что любое заимствованное слово меняет свое значение в процессе заимствования и используется благодаря особенностям восприятия носителей того языка. В статье также подчеркивается важность улучшения языка с точки зрения словарного запаса, сферы его использования. Это, в свою очередь, также предполагает, что язык, используемый на другом языке, подвергается воздействию языка, области применения, способов, которыми он влияет на значимые изменения.

Ключевые слова: заимствованные слова, религиозные термины, значение термина, словарный фонд

(Мансуров Н.Б. Потребность в религиозных терминах)

Özet

Bu makalede Kazak dilinde kullanılan dinî terimlerin anlamsal özellikleri temelinde kalıplaşan malzemeler araştırılmıştır. Çalışmanın temelini oluşturan malzemeler sözlükler ile konuşma dilinden temin edilmiştir. Araştırmada alıntı sözlerin terim olarak yer alıp anlamsal olarak kullanılması ve dilimizde yüklediği görevler üzerinde durulmuştur. Sosyal hayatta gerçekleşen olayların dile ve söz varlığına etkisinden söz edilmiştir. Söz varlığında diğer dillerle olan ilişkilerin önemli olduğu vurgulanmıştır.

Makalede dilin alıntı sözlerle zenginleştiği ve kullanım sahasının genişlediği üzerinde özellikle durulmuştur. Başka dillerden alınan sözlerin konumu, kullanım alanı, anlamsal değişmelere uğrama yollarını, bununla birlikte alıntı sözlerin sözlük, gramer ve fonetik olarak çeşitlenip dış yapısını değiştirdiği de belirtilmiştir. Çünkü hangi dilde olursa olsun alıntı kelimeler dilde anlamsal olarak değişikliğe uğramaktadır.

Anahtar Kelimeler: alıntı söz, dinî terimler, terim anlamı, söz varlığı
(N. Mansurov, Dinî Terimlerin Gerekliliği)